



Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 21 желтоқсан N 1469. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.11.11. N 3205 Жарлығымен. ~U963205

1. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

туралы ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Орталық сайлау комиссияның құрылымын, штатын бекітсін, оның қызметін ұйымдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелерін шешсін әрі сайлауды өткізуге жұмсалатын шығыстар сметасын анықтасын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы қаласы. 1993 жылғы 21 желтоқсан
N 1469

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1993 жылғы 21 желтоқсандағы
N 1469 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Орталық
сайлау комиссиясы туралы

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы (бұдан былай - Ортсайлауком) Қазақстан Республикасының тұрақты жұмыс істейтін тәуелсіз мемлекеттік органы болып табылады.

2. Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылатын Қазақстан Республикасының сайлау органдары жүйесіне жетекшілік етеді.

3. Орталық сайлау комиссиясы өз жұмысын ашық, жария, алқалы, мәселелерді еркін талқылау мен шешу, Ортсайлауком мүшелерінің бастамашылығы негізінде құрады.

4. Ортсайлаукомның негізгі міндеттері: сайлау туралы заңдардың біркелкі орындалуын қамтамасыз ету; сайлау жөніндегі сайлау комиссияларының қызметіне басшылық ету; Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқығын қамтамасыз ету; сайлауға әзірліктің және оны өткізудің ұйымдастырылуына бақылау жасау.

Өзіне жүктелген міндеттерді орындай отырып, Ортсайлауком өзінің бүкіл қызметімен сайлау жүйесінің демократиялық принциптерінің жүзеге асырылуына жәрдемдесуге, сайлаушылардың ерік-жігерін еркін білдіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Ортсайлауком: төрағаның, төраға орынбасарының, хатшысының және төрт мүшесінің құрамына құрылады.

Орталық сайлау комиссиясының жеке құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі сайлайды.

Ортсайлауком құрамына өзгерістерді Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Жоғарғы Кеңес енгізеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Ортсайлаукомның құрамына өзгерістерді Қазақстан Республикасының Президенті енгізеді, кейін бұларды Жоғарғы Кеңес бекітеді.

6. Ортсайлаукомның төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы және мүшелері өз функцияларын міндет бөлісіне сәйкес жүзеге асырады.

7. Жоғарғы Кеңестің және жергілікті өкілді органдардың депутаттары, депутаттыққа, Қазақстан республикасы Президентінің лауазымына кандидат болып ұсынылған адамдар, олардың сенім білдірген адамдары, сондай-ақ сайлау жөніндегі басқа сайлау комиссияларының құрамына сайланған адамдар Ортсайлаукомның құрамына ене алмайды.

Депутаттыққа, Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына кандидат болып, ұсынылған және ортсайлаукомның құрамына енгізілген адам оны

депутаттыққа, Қазақстан Республикасы Президентінің лауазымына кандидат етіп тіркеген сәттен бастап, Ортсайлауком мүшесінің міндетінен босатылған болып саналады.

8. Ортсайлауком өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын және осы Ережені басшылыққа алады.

Сайлауға әзірлену мен оны өткізуге байланысты мәселелерді шешуде Ортсайлауком басқа мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз.

Ортсайлаукомның өз құзыры шегінде қабылдаған шешімдері оған көмек көрсетуге және оның жұмысы үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды табыс етуге тиіс мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен лауазымды адамдар үшін міндетті болып табылады.

II. Орталық сайлау комиссиясының құқықтық мәртебесі мен құзыры

9. Ортсайлауком:

1) республиканың аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының сайлауға қатысты бөлігі мен Сайлау туралы Кодекс ережелерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады, олардың түсіндірілуін және біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді; қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Кодекстің ережелерін пайымдау туралы ұсыныспен республиканың Жоғарғы Кеңесіне сөз салады.

2) Қазақстан Республикасының президенті мен Жоғарғы Кеңесінің депутаттарын сайлауға әзірлікті және оны өткізуді ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен Жоғарғы Кеңесінің депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау округтарын құрып, баспасөзде жариялайды;

4) сайлау науқанының шамамен алғандағы бюджетін жасап, Жоғарғы Кеңестің бекітуіне табыс етеді;

5) сайлау комиссияларының қызметіне бағыт береді; олардың арасында сайлау науқанын өткізуге бөлінген республикалық бюджеттің қаражатын бөледі; сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдай жасалуын бақылайды; сайлау комиссияларының жұмысына байланысты арыздар мен шағымдарды қарайды;

6) дауыс беруге арналған бюллетеньдердің, сайлаушылар тізімдерінің, сайлаушылардың қолдайтындығы жөніндегі қолшарын жинауға арналған тізімдердің және өзге сайлау құжаттарының нысандары мен текстерін, сайлау комиссияларының дауыс беруге арналған жәшіктері мен мөрлерінің үлгілерін,

сайлау құжаттарын сақтаудың тәртібін белгілейді;

7) мемлекеттік органдардың сайлауға әзірлік пен оны өткізуге байланысты мәселелер жөніндегі есептерін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер органдарының сайлау туралы заңдарды сақтау мәселелері жөніндегі хабарламасын тындап отыруға құқылы;

8) Қазақстан Республикасының Президенті мен Вице-президентіне кандидаттарды, сондай-ақ мемлекеттік тізім бойынша Жоғарғы Кеңестің депутаттығына кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдары мен бастамашыл топтарды тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді;

9) республика сайлаушыларын сайлау қарсаңындағы науқанның барысы туралы хабардар етеді;

10) тұтас алғанда республика бойынша сайлаудың қорытындысын шығарады, Қазақстан Республикасының сайланған Президенті мен Вице-президентін, Жоғарғы Кеңестік депутаттарын тіркейді, бұл жөнінде баспасөзге және басқа бұқаралық ақпарат құралдарына хабар берілуін қамтамасыз етеді;

11) қайтадан дауыс беру, қайтадан сайлау және шығып қалғандардың орнына сайлау өткізілуін ұйымдастырады;

12) Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өз өкілдіктерін жүзеге асыру мақсатында Ортсайлауком - сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері жөнінде қаулылар, нұсқаулықтар және өзге актілер шығарады; Ортсайлаукомның арнаулы бюллетенін шығарады; сайлау практикасын зерделеу және сайлау туралы заңдарды жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізеді; Жоғарғы Кеңес пен Қазақстан Республикасының Президентіне сайлау туралы заңдарды өзгерту мен толықтыру туралы ұсыныстар енгізеді.

Ортсайлауком өз өкілдігінің шегінде қабылдап шығаратын актілер Қазақстан Республикасының аумағындағы сайлау жөніндегі барлық сайлау комиссияларының орындауы үшін міндетті.

11. Ортсайлаукомның мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, лауазымды адамдарға үндеуі дереу қаралуға тиіс. Бұларға жауап үш күндік мерзімнен кешіктірілмей берілуі керек.

12. Ортсайлауком өзі қабылдаған шешімдер туралы сайлаушыларға, қоғамдық бірлестіктерге хабарлайды.

Ортсайлаукомның мәжілістеріне мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатыса алады. Тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне Ортсайлаукомның мәжілістеріне кедергісіз кіруге кепілдік беріледі.

III. Ортсайлаукомның жұмысын ұйымдастыру және қызметін қамтамасыз ету

13. Кезекті сайлау науқанын әзірлеу мен өткізу кезеңінде Ортсайлаукомның мәжілісі қажетіне қарай, бірақ айына кем дегенде бір рет өткізіледі. Өзге уақытта Ортсайлаукомның мәжілісі қажетіне қарай, төрағаның немесе ортсайлауком мүшелерінің кемінде үштен бірінің ықтиярына қарай өткізіледі.

Егер Ортсайлауком мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Ортсайлаукомның мәжілісі құқылы болады. Ортсайлаукомның шешімі оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Ортсайлаукомның шешімімен келіспеген мүшелері айрықша пікір білдіруге құқылы, ол жазбаша нысанда Ортсайлауком мәжілісінің хаттамасына қоса тіркеледі.

14. Ортсайлаукомның Төрағасы оның мәжілістерін шақырады және оларға төрағалық етеді; ортсайлауком мүшелері арасындағы міндеттерді бөледі; Ортсайлаукомның шешімдерін орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Ортсайлауком мүшелеріне тапсырмалар береді; мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, басқа ұйымдардың өкілдерін, өзге де адамдарды Ортсайлаукомның мәжілістеріне қатысуға шақырады; мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, халықаралық ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен, азаматтармен қарым-қатынаста Ортсайлаукомның еркін білдіреді; Ортсайлаукомның қызметі, оның қабылдаған шешімдері туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Жоғарғы Кеңесін хабардар етіп отырады, қаржыға иелік етеді; Ортсайлаукомның аппаратына жалпы басшылықты жүзеге асырады; қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және босатады; заңдарда және осы Ережеде көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. Ортсайлауком Төрағасының орынбасары Төрағаға жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыруға жәрдемдеседі, Төраға орнында болмағанда немесе оның тапсыруы бойынша - Төрағаның функцияларын атқарады.

16. Ортсайлауком хатшысы Ортсайлауком қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

17. Ортсайлауком мүшесі Ортсайлауком мәжілістерінің күн тәртібі бойынша ұсыныстар, сондай-ақ талқыланатын мәселелердің мәні жөнінде ұсыныстар, ескертпелер мен түзетулер енгізеді; Төрағаның, оның орынбасары мен хатшысының аумақтық сайлау комиссияларының жұмысын тексеру жөніндегі тапсырмаларын орындайды, тексеру қорытындысы туралы Ортсайлаукомның мәжілісінде баяндайды; сайлаудың өткізілуіне байланысты Ортсайлаукомға шағым түсірген және ұсыныстар жасаған мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, депутаттыққа кандидаттарды, азаматтарды

кабылдайды; оның сайлау комиссияларының барлық құжаттарымен және материалдарымен танысуға құқығы болады.

Ортсайлаукомның мүшесіне белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

18. Ортсайлауком мүшесіне өз өкілеттігін жүзеге асыруға байланысты жұмсаған барлық шығыстарының Ортсайлауком қаражаты есебінен өтелуіне кепілдік беріледі.

19. Ортсайлауком қызметінің ұйымдастырушылық және ақпараттық-құқықтық жағынан қамтамасыз етілуін оның аппараты жүзеге асырады.

20. Ортсайлауком мүшелеріне еңбекақы төлеу мен материалдық-техникалық және тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету жағдайларын, сондай-ақ Ортсайлауком аппаратының құрылымын, штатын, оларды ұстауға жұмсалатын шығыстарды Ортсайлауком Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

21. Еңбекақы төлеу және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз жағдайлары бойынша Ортсайлаукомның және оның аппаратының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының тиісті қызметкерлеріне теңестіріледі.

22. Ортсайлауком мүшелерінің өкілдік шығыстарының сметасы Ортсайлауком шығыстарының сметасына қосылады.

23. Ортсайлауком қызметіне байланысты шығыстардың сметасы республикалық бюджетке жекеше қосылады.

24. Ортсайлауком заңды тұлға болып табылады, оның елтаңбалы мөрі, штамптары, белгіленген үлгідегі бланкілері және банк мекемелерінде есепшоттары болады.